

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында
Өзара қаржылық мәселелерді реттеу және әскери білім беру мен сынақ полигондарын
пайдалану саласындағы есеп айырысу шарттары туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 697 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара қаржылық мәселелерді реттеу және әскери білім беру мен сынақ полигондарын пайдалану саласындағы есеп айырысу шарттары туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Өзара қаржылық мәселелерді реттеу және әскери білім беру мен сынақ полигондарын пайдалану саласындағы есеп айырысу шарттары туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N 1158 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Өзара қаржылық мәселелерді реттеу және әскери білім беру мен
сынақ полигондарын пайдалану
саласындағы есеп айырысу шарттары туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі,

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 28
наурыздағы Әскери ынтымақтастық туралы шартты басшылыққа ала отырып,
қатысушылары бір мезгілде тараптар болып табылатын әскери және

әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес өзара қаржылық міндеттемелерді реттеудің қажеттілігін тани отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Т а р а п т а р :
Р е с е й т а р а п ы н а н :

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы "Сарышаған" сынақ полигонын пайдалану мен жалдау және Приозерск қаласының тіршілігін қамтамасыз ету шарттары туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы "Ембі" сынақ полигонын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан объектілері мен әскери алаңдарын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа 1996 жылғы 18 қазандағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа (бұдан әрі - сынақ полигондарын жалдау туралы шарттар) сәйкес Приозерск қаласының инфрақұрылымын ұстаумен және тыныс-тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты Ресей Тарапының шығыстарын ескере отырып Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы "Сарышаған" сынақ полигонын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа сәйкес 1999-2004 жылдар кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан сынақ полигондарын пайдаланғаны үшін жалдау ақысы бойынша б е р е ш е к т і ;

қ а з а қ с т а н т а р а п ы н а н :

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі арасындағы 1998 жылғы 6 наурыздағы Әскери кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге, оқыту үшін өтеу ставкаларының белгіленген келісім-шарт міндеттемелеріне және 2005 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің жоғары оқу орындарында оқыту және ұстау үшін өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне сәйкес 1996-2004 жылдардағы кезең үшін Ресей Федерациясында қазақстандық әскери қызметшілерді оқыту жөніндегі берешекті қамтитын өзара қаржылық міндеттемелердің болуын таниды.

2-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген өзара қаржылық міндеттемелерді бір жолғы өтеуді 135,73 млн. АҚШ доллары сомасына жүргізеді.

Қазақстан Тарапы бұдан әрі 1999-2004 жылдардағы кезеңде Сарышаған, Ембі сынақ полигондарын, Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының және Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық көру аралық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын пайдаланумен байланысты Ресей Тарапына кінәраттар қоймайды.

Ресей Тарапы бұдан әрі Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін оқыту және ұстау үшін өзара есеп айырысуларды салыстырудың 2005 жылғы 30 наурыздағы кесіміне сәйкес 1996-2004 жылдардағы кезең үшін Ресей Федерациясында қазақстандық әскери қызметшілерді оқыту жөніндегі шығындармен байланысты Қазақстан Тарапына талаптар қоймайды.

3-бап

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап сынақ полигондарын пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы еркін айырбасталымды валютамен (АҚШ долларымен) жүзеге асырылатын болады.

Ресей Федерациясының әскери-оқу орындарында қазақстандық әскери қызметшілерді дайындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді Қазақстан Тарапы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап жыл сайын жасалатын "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің жоғары оқу орындарына оқуға қабылдау туралы" келісім-шартқа сәйкес еркін айырбасталымды валютамен (АҚШ долларымен) жүргізеді.

Тараптар сынақ полигондарын жалдау туралы халықаралық шарттарға тиісті өзгерістер енгізеді.

4-бап

Осы Келісім ережесін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапты келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама жасаған күнінен бастап күшіне енеді.

200__жылы "__" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН**

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК